

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АДАТ ПЕН ШАРИҒАТ (XVIII-XIX ҒҒ)

З.Қ.МАТЕНОВА *, Г.Б. ИЗБАСАРОВА 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*E-mail: matenova.z@mail.ru

Аңдатпа. Мақала қазақ қоғамындағы XVIII-XIX ғғ адат пен шариғат тақырыбына арналған. Қазақ даласы Ресей империясының құрамына енгеннен кейін билік аймақты отаршылдық басқару қажеттіліктеріне бейімдеу үшін түрлі шаралар қабылдады. Осындай шаралардың бірі ресейлік шенеуніктер қазақтардың талап арызын талдау үшін қолдануға үміттенген адатты кодификациялау болды. XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ қоғамындағы басқару жүйесінде әдет-ғұрып құқықтары басым болды. Патша үкіметі қазақтардың әдет-ғұрып заңдарының өміршендігін көріп, отаршылдық саясатын жүргізу мақсатымен адатты бірте-бірте әлсірету жолына көшеді. Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып нормаларының өзгеріске ұшырауының басты себептерінің бірі Қазақстанның Ресейге қосылуы. Қазақтың әдеттегі құқығын қабылдаудағы қайшылықтар тек саяси интрига емес еді - олар Ресейдің отаршыл әкімшілігі жағдайында жергілікті құқық туралы әртүрлі деңгейдегі идеяларды көрсетті. Мақалада тақырыпқа қатысты отандық және шетел тарихшылардың тұжырымдарына, революцияға дейінгі орыс шенеуніктерінің рапорттары мен этнограф ғалымдарының жинақтарына талдау жасалынады. Сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы адат пен шариғаттың атқарған рөлі мен маңыздылығы, айтылады. Сонымен бірге патша үкіметінің ислам құқығы шариғатқа қатысты жүргізген саясатының себептері мен нәтижесі көрсетіледі.

Түйін сөздер: адат, шариғат, ислам, қазақ қоғамы, әдет-ғұрып, отаршылдық.

Тарихтың бүкіл кезеңінде қазақ көшпенділері адатты өзгермелі әлеуметтік- экономикалық және мәдени жағдайларға сәйкес келетін, сонымен бірге оның мәдени маңызын туыстық қатынастармен және көшпелі мал шаруашылығымен байланысты дәстүрлерде сақтай отырып, оның барлық көріністерінде қолданып келді. XV ғасырда ислам діні ене бастағанда, содан кейін XVIII ғасырда қазақтар адат қағидаттарын толықтыратын және көшпелі қоғамдастық шеңберінде моральдық мінез-құлықтың неғұрлым қатаң нормаларын қамтамасыз ететін Ислам құқығы (шариғат) қағидаттарын қабылдады. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында қалмақтардың (ойраттардың) жойқын шабуылдары Тәуке ханды (1680-1718) «Жеті жарғы» атауын алған заңдар жинағын, қазақтардың мемлекеттік құрылымының әлі де әлсіз тұстарын нығайту үшін жариялауға итермеледі. Ал XIX ғасырда, Ресей империясы өзінің құқықтық әкімшілік жүйесін құрған кезде, Ресей құқығы адатқа заңды балама болды. Бұл жағдайда қазақтардың алдында жаңа проблема - адатты құқықтық отаршылдық жүйесі шеңберінде практикалау, бір мезгілде әлеуметтік-көшпелі өмір салтын өзгеріске ұшыраған саяси және экономикалық жағдайларға бейімдеу болды [1]. Материал және зерттеу әдістемесі

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының тарихилық, объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Негізгі дерек ретінде С.В.Юшковтың басшылығымен жарияланған революцияға дейінгі қазақтың әдеттік құқығы туралы орыс этнографиялық жинақты атауға болады. Сонымен қатар Ресей мемлекеттік тарихи архивінде сақталған құжаттарды жариялаған батыс ғалымдарының еңбектері қолданылды.

Нәтижелер және оны талқылау

XVIII ғасырда қазақ жерінің Ресей империясының құрамына енуі патша үкіметі үшін қазақ қоғамын, соның ішінде көшпенділер арасында маңызды рөл ойнаған дәстүрлі институттарды зерттеу міндетін өзектендірді. Қолда бар аз этнографиялық материалдар империя құрамына кірген халықтың өмірінің объективті бейнесін толығымен ашуға және өлкеде әкімшілік-құқықтық іс-шараларды өткізу бойынша жұмысты қиындатты [2]. Орталық Азия тарихы және Ресей империясындағы ислам құқығы бойынша белгілі мамандар Паоло Сартори мен Павел Шаблейдің

«Эксперименты империи. Адат, шариат и производство знаний в Казахской степи» атты монографияларында авторлардың айтуынша «патша үкіметі адатты кодификациялауы үшін ең алдымен жиналған материалдар түсінікті және практикалық болуы үшін жергілікті құқықтың әртүрлі көздерін талдау қажет болды. Алайда шенеуніктер адат пен шариғатты жиі шатастырды немесе оларды жасанды түрде бөлуге тырысты. Уақыт өте келе бұл шатасушылық шариғаттың кейбір шенеуніктердің надандығына байланысты ғана емес, сонымен бірге саяси себептерге байланысты адатқа қарсы тұра бастауымен қиындады. Ислам Ресей империясының қазақ даласындағы реформаларын жүзеге асыру жолында қауіп төндірді» [3]. Қазақтардың XIX ғасырда әдет - ғұрып құқығында болған өзгерістері туралы айтпас бұрын әдет - ғұрып құқығының қайнар көзі ретіндегі бидің билігі мен Ереженің маңызына тоқталып өткен жөн. Патшалық шенеунік Д'Андре өзінің қазақ даласын зерттеген жазбаларында билер жөнінде «күллі соттау, жазалау немесе ақтау ісін билер жүргізеді. Олар халық атынан сөйлеп, ел атынан кесім айтады», «би деген құрметті атты тек тумысынан ақылды, парасатты, өмірден көрген-түйгені мол адамдар ғана алып жүре алады» деп көрсеткен [4]. Д'Андренің бидің мәртебесіне қатысты ойды Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзек те жалғастырып оған мынадай анықтама берген «би атағы халық санасында, табиғи ақылмен және шешендік сыйымен халықтың байырғы әдет-ғұрыптары мен ол туралы тарихи аңыздарда терең білімді біріктіретін аз адамдарға тиесілі» [5]. Бидің өкілеттіктері мен оның беделінің мәдени тамыры

оның дауды шешу кезінде ұстанған процедурасынан көрінді. Би өз шешімдерін ашық көпшілік алдында және ауызша түрде кем дегенде үш куәгердің қатысуымен шығарды [6]. XVIII-XIX ғасырларда «би» ұғымы ескіріп, билер соты әлсіреді. 1822 – 1824 жылдары «Сібір қазақтары туралы», және «Орынбор қазақтары туралы» жарғылар шығарып, Орта және Кіші жүздегі хандық билікті жойды. Аталған ережеге сәйкес би лауазымына сайлау жолымен қол жеткізуге болатын болды. Ендігі уақытта би мәртебесіне тек халыққа абыройлы, жұртқа сыйлы, атакты адамдар ғана емес, малы көп байлар да сайлана алды. Патшалық үкімет жүргізген отаршылдық саясат нәтижесінде қазаққа тән би мен билік айту дәстүрі бірте-бірте жойылды. Ресейдің қазақ әдет-ғұрып заң нормаларына негізделген билер сотын жойып, оның орнына Ресейлік заңдарын енгізуге қазақ халқының ойшылдары қарсы болды. Солардың алдыңғы қатарында Ш.Уәлиханов пен А.Құнанбаевтарды ерекше атауға болады. Ш.Уәлиханов «Сот реформасы жайлы жазбалар», Абай «Билер ережесін» жазды. Орыс заңдарының қазақ қоғамына сәйкес келмейтінінің себептері мен салдарларын көрсетіп берді.

Өз еңбегінде XIX ғасырдағы қазақ құқықтық және саяси мәдениетін батыстық методологиялық тәсілдерімен зерттеген америкалық тарихшы Вирджиния Мартин қазақтардың империялық отарлауға бейімделу дәрежесі туралы мәселені жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Автор отаршылдық кезеңдегі қазақ даласының құқықтық тарихын күш қолданбай жергілікті заң тәжірибелерінің трансформациясы ретінде қарастыруға тырысты. Әдет-ғұрыптың көптеген нормаларын сақтай отырып, империя сонымен бірге 1868 және 1891 жылдардағы реформалардың арқасында империялық қайта құруларды құқықтық баламаларды жүзеге асырудың нақты мүмкіндігі ретінде қабылдай алатын жергілікті қоғаммен байланыс орнатуға ұмтылды. Ғалымның адатқа берген анықтамасы бойынша: «Кең мағынада адат көшпелі қауымдастық ішіндегі жеке тұлғалардың мінез-құлқы мен өзара әрекеттесу жүйесін басқарудың нұсқауларын және күнделікті тәжірибеде қабылданған міндеттемелермен, жауапкершілікпен және жазалау түрлерімен қолдау тауып, жүзеге асырылған байланысты құрылымдарды білдіреді. "Адат" сөзінің өзі араб тілінен шыққан және әдет-ғұрып дегенді білдіреді. Ислам дін ретінде Арабияда тамыр жайған кезде, шариғат - мұсылман дінінің қасиетті Заңы адатқа жүктелді және адал мұсылмандар арасындағы қоғамдағы этикалық мінез-құлық пен қоғамдық тәртіпті бағалаудың жоғарғы сатысы болды» деп көрсетеді [1].

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың ислам діні кең тараған көрші халықтармен байланыстарының дамуына орай қазақ әдет-ғұрып құқығына шариғаттың әсері

күшейе түсті. Шариғат нормаларының алғашқы жазбаша кодификациясы Сібір комитетінің жинағында (1824) және А. И. Левшиннің (1832) жұмысында кездеседі. Онда мұсылман құқығының нормалары тек күпірлік сияқты қылмыстарға қатысты және Құдайдан бас тарту, сондай-ақ осы қылмыстар үшін жазалау шаралары (тас лақтыру, мұрадан айыру) көрсетілген [2]. Билер соты тек Құранның айтқанымен жүре бермейді. Халықтың күнделікті тіршілігінде әрқилы жағдайлар болып жатады, оның бәрін Құранға бағындыру мүмкін емес. Дау- шараларды шешкенде, би өзінің өмір тәжірибесіне, ақылына жүгінеді [4].

Шариғаттың аймақтағы позицияларының күшеюі, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы империяның құқықтық реформалары (Ресей заңдарының қолданылу аясы өте шектеулі болды: сатқындық, қарақшылық және т. б.) мен жергілікті адаттың нормативтік плюрализмнің құқықтық жүйе ретінде пайда болуына әкелді. Империяның шариғатқа деген көзқарасын Н.Максимовтың сөзімен айтуға болады, ол адат «халықтың көкжиегін одан әрі дамыта отырып, өмірлік және дамуға қабілетті өнім. Шариғат, негізі бар қозғалмайтын Құран, құрамында альфа және омега мұсылман даналығы бар, өлі, дамуға да, концессияға да қабілетсіз, сонымен қатар кез-келген христианға қарсы болып келеді». Бұл жерден шариғат өзінің "құндылық" принциптерімен Ресейдің құқықтық плюрализм тұжырымдамасына сәйкес келмейтінін, сондықтан биліктің адатқа бейтарап қатынас жүргізгенін байқаймыз[7].

Отандық тарихшы ғалым Ж.С.Мажитованың тұжырымдауы бойынша құқықтық плюрализм қазақ даласының аумағында XIX ғасырдың басында пайда болады. Параллельді даму процесінде адат пен шариғат араласып, бірін-бірі толықтырып отырды. Нақтырақ айтқанда, шариғат бойынша дін мен отбасылық қатынастарға қатысты істер шешіле бастады, ал қалған мәселелер әдеттегі құқық нормалары бойынша реттелді. Алайда бұл жағдай империя саясатымен қарама-қайшы келді. Сондықтан реформаларды жүргізу кезінде Ресей патшалығы қазақтарға адатты қалдырып, сонымен бірге шариғаттың ықпалынан қорқып, оны біртіндеп қазақтардың құқықтық тәжірибесінен ығыстыра бастады [2].

Тұжырым

Қорытындылай келе, империяның орыс емес халықтарының заңдары мен әдет-ғұрыптарын зерттеу І Николай патшаның (1825-1855) кезінде басталды, сол кезде оларды кодификациялау Ресей империялық заңдарын кодификациялаудың үлкен жобасының бірәспектисі ретінде жүзеге асырылды. Ресейлік отарлаушылар адаттық нормаларды өзінің империялық мүддесі үшін пайдаланды. Қазақ даласының әдет-ғұрып нормалары ғасырлар бойы түрлі елдер тарапынан қысым көрсе де, өзінің керемет өміршеңдігін көрсетті. Қазақ қоғамының құқықтық мәдениеті қиын кезеңдерде тек өзін-өзі сақтап қана қоймай, соныменбірге іштей күшке ие болып, нығайып отырған.

Әдебиеттер тізімі

1. Вирджиния Мартин. Закон и обычай в степи: Казахи Среднего жуза и российский колониализм в XIX веке. – Алматы: Центр оперативной печати КазАТиСО, 2012. 16-40 бет;
2. Мажитова Ж.С. Шариат и/или адат в казахском праве (первая половина XIX в.) // Исламоведение. – 2015. Том 6. № 3. 25-33 бет;
3. П.Сартори, П.Шаблей. Эксперименты империи. Адат, шариат и производство знаний в Казахской степи. - Новое литературное обозрение, 2019. 5 бет;
4. Д'Андре. Описание киргизских обычаев, имеющих в орде силу закона [1844 г.] // С.В.Юшков (ред.). Материалы по казахскому обычному праву. Алма-ата, 1948. 119-158 бет;
5. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи имевшие, а отчасти и ныне имеющие, в Малой Киргизской Орде силу закона // ЗапОренИРГО, 1871, вып. II. Перепеч.в: С.В.Юшков, ред. Материалы по казахскому обычному праву. Алма-Ата, 1948. 161-222 бет;
6. Красовский. Область Сибирских киргизов, 3 том. СПб, 1868. 54 бет;
7. Максимов Н. Народный суд у киргизов // Журнал юридического общества. 1897. 48-80

бет;

References

1. Martin V. Law and Custom in the steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. Almaty: KazATiSO Operational Printing Center, 2012. page 16-40.
2. Mazhitova J.S. Sharia and/or adat in Kazakh law (the first half of the XIX century) // Islamic Studies. – 2015. Volume 6. №3. page 25-33.
3. P. Sartori, P. Shablay. Experiments of the Empire. Adat, Sharia and the production of knowledge in the Kazakh steppe. - New Literary Review, 2019. page 5.
4. D'Andre. Description of Kyrgyz customs having the force of law in the Horde [1844] // S.V. Yushkov (ed.). Materials on Kazakh customary law. Alma-ata, 1948. page 119-158.
5. Balluzek L.F. Folk customs that had, and partly still have, the force of law in the Small Kyrgyz Horde // Zap Oren IRGO, 1871, issue II. Reprinted in: S.V. Yushkov, ed. Materials on Kazakh customary law. Alma-Ata, 1948. page 161-222.
6. Krasovsky. The region of the Siberian Kyrgyz, 3 vols. ST. PETERSBURG, 1868. page 54;
7. Maksimov N. The People's Court of the Kyrgyz People // Journal of the Law Society. 1897. page 48-80.

АДАТ И ШАРИАТ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ (XVIII-XIX ВВ.)

З.К.МАТЕНОВА* , Г.Б.ИЗБАСАРОВА 

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*E-mail: matenova.z@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена теме адата и шариата XVIII-XIX вв. в казахском обществе. После того, как казахская степь стала частью Российской империи, власти приняли различные меры для адаптации региона к потребностям колониального управления. Одной из таких мер стала кодификация адата, которую российские чиновники надеялись использовать для анализа исковых заявлений казахов. До середины XIX века в системе управления в казахском обществе преобладали обычаи и права. Царское правительство, видя жизненную силу обычаев казахов, постепенно переходит на путь ослабления адата с целью проведения колониальной политики. Одной из главных причин изменения норм обычаев в казахском обществе является присоединение Казахстана к России. Противоречия в восприятии обычного казахского права были не просто политической интригой-они отражали различные уровни представлений о местном праве в условиях российской колониальной администрации. В статье будет проведен анализ выводов отечественных и зарубежных историков по теме, рапортов дореволюционных русских чиновников и сборников ученых-этнографов. Подчеркивается роль и значение адата и шариата в казахском обществе того периода. В то же время указываются причины и результат политики, проводимой царским правительством в отношении шариата исламского права.

Ключевые слова: адат, шариат, ислам, казахское общество, обычное право, колониализм .

ADAT AND SHARIAT THE KAZAKH SOCIETY (XVIII-XIX CENTURIES)

Z.K. MATENOVA* , G.B. IZBASAROVA 

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*E-mail: matenova.z@mail.ru

Annotation. The article is devoted to the theme of adat and Sharia in Kazakh Society of the XVIII-XIX centuries. After the Kazakh steppe became part of the Russian Empire, the authorities took various measures to adapt the region to the needs of colonial rule. One such measure was the codification of adat, which Russian officials hoped to use to analyze the claim of the Kazakhs. Until the middle of the XIX century, the system of government in Kazakh society was dominated by

customary rights. The Tsarist government, seeing the viability of the customs laws of the Kazakhs, gradually moves to the path of weakening adat in order to pursue a colonial policy. One of the main reasons for the change in the norms of Customs in Kazakh society is the accession of Kazakhstan to Russia. The contradictions in the perception of Kazakh customary law were not only political intrigue - they reflected ideas of different levels of local law in the conditions of the Russian colonial administration. The article analyzes the conclusions of domestic and foreign historians on the topic, reports of pre-revolutionary Russian officials and collections of ethnographic scientists.

The role and importance of adat and Sharia in the Kazakh Society of that period is emphasized. At the same time, thereasons and results of the policy pursued by the Tsarist government in relation to Islamic law sharia are indicated.

Key words: adat, shariat, Islam, Kazakh society, customary law, colonialism.